Б	Нормативтік қазақ тілі	КП	4	7	Мақсаты мен міндеттері: сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде тілдің дыбыстық жүйесінен, дауысты, дауыссыз дыбыстардан, қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен ерекшеліктерін, үндестік заңынан, орфоэпия мен орфографиядан, сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру.	Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері. Сөйлемнің тұраулы мүшелері. Оқшау сөздердің түрлері, олардың орналасу тәртібі және тыныс белгілері. Қазақ сөзіннің кейбір мәселелері. Тыныс белгілерінің мәні мен атқаратын қызметі. Негізгі түбір, оның белгілері. Туынды түбір оның белгілері. Негізгі сөз бен туынды түбірдің мағына байланыстылығы. Біріккен сөздер, оның ішкі түрлері: сынарлы тұлғасын өзгертіп бірігуі (быыл, бүгін), сынарлы тұлғасын өзгертіп бірігуі (ғасбақа, қолбақа). Қос сөз оның түрлері. Қосарлама қос сөз және қайталама қос сөз. Қос сөздердің жасалу жолдары.Қос сөздердің семантикалық сипаты. Қысқартқан сөздер. Күрделі атауларды қысқартып айту, жазудың жолдары. Дара және күрделі сөздер. Тіркесті күрделі сөздер мен аналитикалық формалы сөздер туралы мәлімет.	тілдің фонетикасынан, лексикологиядан, сөзжасамнан, морфологиядан және синтаксистен жүйелі білімділік; тілден берілетін теориялық білімді жетік білу дағдысы.	Орфография нормативі	Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, Қазақ тілінің тарихы
В	Орфография, орфоэпия теориясы				Мақсаты мен міндеттері: Орфоэпиялық және орфографиялық ерекшеліктерді меңгерту мен тіл дыбыстары және олардың түрлерімен таныстыру, үндесу заңдылықтарын білдіру, орфоэпиялық және орфографиялық ерекшеліктерді меңгерту.	Орфография және орфоэпия жүйесі.Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы. Тілдің қоғамдық мәні мен қызметі. Тіл және ойлау. Тіл және сөйлеу. Тілдің құрылымы, оның жүйесі. Фонетиканың зерттелуі. Салалары мен объектісі. Қазіргі қазақ тілі фонетикасындағы өзекті мәселелер. Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Бұын үндестігі. Дыбыс үндестігі және оның түрлері. Дыбыс үндестігінің орфография мен орфоэпияға қатысы.Сөз бен дыбыстың, сөз бен мағынаның және ұғымның өзара бірлігі мен айырмашылығы. Сөзге тән белгілер. Дауыссыздардың қиоласуы. Ассимиляция мен сингармонизмнің ортақ жақтары және олардың айырмалары.	орфографиялық және орфоэпиялық заңдылықтарды терең меңгеру үшін қалыптасқан білімділік; терең теориялық сауатты түсінік; нормаларды талдау жолдарын меңгеру дағдысы.	Орфоэпия нормативі	Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы,Грамматика
А	Тілдік қатынастар негіздері				Мақсаты мен міндеттері: тілдік қатынас мәселесінің басты қағидаларымен, ережелерімен, заңдылықтарымен, ұстанымдарымен таныстыра келіп, оларға адам мен адам арасындағы, бір ұлт пен екінші ұлт арасындағы пікір алмасудың, сөйлесудің, түсінуудің негізгі бағыттар мен жолдарымен танысу.	Тіл мен сөйлеу, олардың өзара қарым-қатынасы. Сөйлесудің адам өміріндегі маңыздылығы мен қажеттілігі. Оның тілдік қатынаспен өзара байланысы мен айырмашылығы. Тілдік ережелері, оның түрлері, пайда болуы мен маңыздылығы, басты ерекшеліктері, оның тілдік қатынаста алатын өзіндік орны мен ерекшеліктері.Сөйлесім ерекеті, оның түрлері, пайда болуы мен маңыздылығы, басты ерекшеліктері, оның тілдік қатынаста алатын өзіндік орны мен ерекшеліктері. Қатынас жасау ерекеті, оның түрлері, пайда болуы мен маңыздылығы, басты ерекшеліктері, оның тілдік қатынаста алатын өзіндік орны мен ерекшеліктері. Тілдік қатынас пәнінің зерттелу тарихы, ол туралы жарияланған қазақ және шетел тілі ғалымдарының ғылыми-зерттеу еңбектері, олардың маңыздылығы мен құндылығы. Қазақ тілдік қатынасының пайда болу тарихы туралы жалпы сипаттама. Тілдік қатынастың адамзатқа тән ойлау мен сөйлесім процесінің бірлігі нәтижесінде қоғамдық-әлеуметтік өмірде тіл арқылы жарыққа шыққан	тілдік қатынас негіздері жеке пән ретіндегі ролін түсінудің білімділігі; сөйлеу мәдениетіне байланысты іскерліктің түсінігі; теориялық білімі мен тәжірибелік дағдысы.	Тіл біліміне кіріспе	Магистратура пәндері.

Б	Қазақ әдеби тілінің функционалды түрі	КП	3	5	Мақсаты мен міндеттері: қазақ әдеби тілінің функционалды стилдерінде кездесетін оқылмақтың орнын толтыру, қазақ әдеби тіліндегі поэзия үлгілерін танып-білу білімділігі; стильдерді жан-жақты талдау; тілдің функционалды қыры жағынан сараптама жасау.	Қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуы, ондағы өзіндік ерекшеліктер мен заңдылықтар жүйесі. Қазақ әдеби тілінің функционалды стилдеріндегі кездесетін басты айырмашылықтар мен ұқсастықтар. Олардың зерттелу тарихы туралы түсінік. Қоғам дамуымен байланысты әдеби тілдің де үздіксіз даму, өсу, жетілу үстінде болатыны даусыз. Осыған орай тарихи дамудың әр түрлі кезең дәуіріндегі әдеби тілдің қалыптасу дәрежесі, сипаты бірдей еместігі. Ұлттық әдеби тіл-халықтың тіл мәдениетінің ең жоғары жетістігі екендігі.	қазақ әдеби тіліндегі поэзия үлгілерін танып-білу білімділігі; стильдерді жан-жақты талдай білу түсінігі; тілдің функционалды қыры жағынан сараптама жасау дағдысы.	Тіл білімі	Магистратура пәндері.
В	Қазақ тілінің морфологиялық жүйесі				Мақсаты мен міндеттері: қазақ тілінің морфологиялық жүйесі туралы шегін, тілдік сипатын анықтау, тіл ерекшеліктерін диалектілік говорлық көлемін, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін тексеру. Қазақ тілінің морфологиялық жүйесі пәніндегі мәселелерді жан-жақты зерттеу, шешу дәрежесін менгерту.	Морфология сөзді және сөздің формаларын зерттейді. Сөз үнемі жеке-дара қала бермей, көбінесе өзге сөздермен қарым-қатынасқа түсіп жұмсалыды да, қызметі түрленіп, оған орай, форма жағынан да сан алуан өзгеріске ұшырап отырады. Осындай талдаудың нәтижесінде морфология сөздің жасалу, түрлену, өзгеру жүйесін, бөлшектену, қолданылу ерекшеліктерін саралайды. Түркі тілдеріндегі морфологиялық құрылысындағы ерекшеліктер. Морфема жүйесі. Олардың ерекшеліктері, қалыптасуы, дамуы. Лингвистикадағы пікірлер, тұжырымдамалар. Көмекші морфемалар жөнінде. Түркі тілдеріндегі септік, тәуелдік, көптік жалғаулары, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы. Грамматикалық функциясы. Жалғаулардың дамуы мен қалыптасуына, өзгерістеріне сипаттама..	қазақ тіліндегі морфологиялық ерекшеліктердің ғылыми мәнзаттылығын қалыптастыру білімділігі; морфология туралы терең түсінік; тілдік жүйелерді топтастыра білу дағдысы.	Тіл білімінің практикалық курсы	Магистратура пәндері.
А	XIX-XX ғасырдағы қазақ әдебиеті				Мақсаты мен міндеттері: қазақ әдебиетінің XIX-XX ғасырдағы кезеңін құрайтын мұраларды қазіргі заманғы әлемдік өркениет талаптарына орай оқыту. XIX-XX ғасыр кезеңіндегі қазақ әдебиеті шығармаларын терең жан-жақты менгертуге жанауа әдістемелік	XIX ғасырдағы ұлттық сөз өнері дамуының ерекшеліктері. XIX-XX ғасыр басындағы әдебиеттің тарихи-қоғамдық әлеуметтік жағдайларымен байланысын қарастыру арқылы әдебиеттің ой-сананы өтудің міндеті. XIX-XX ғасырлардағы ұлттық сөз өнері дамуының ерекшеліктері. XIX-XX ғасырлардағы оқу-ағарту ісі. XIX-XX ғасырлардағы баспасөз ісі. XIX-XX ғасырлардағы кітап шығару ісі. XIX-XX ғасырлардағы көркем әдебиеттің дамуы. Ағартушы-демократтық бағыт. Діни-ағартушылық бағыт және бұл бағытта қалам тартқан ақын-жазушылар.	XIX-XX ғасырлардағы ақын-жазушылардың шығармалары туралы толық мәлімет алу білімділігі; жазба әдебиеттің қалыптасуы бойынша түсінік; туындының эстетикалық табиғатын танып, шығарманың идеясын, көркемдігін, әр жазушының сөз саптасын, стилін тану мүмкіндігінің дағдысы.	Қазақ халық ауыз әдебиеті.	Шегел әдебиетінің тарихы.
Б	Қазіргі дәуір қазақ әдебиеті	БП	3	5	Мақсаты мен міндеттері: қазақ әдебиеті бойынша білімділік пен сауаттылық, ес пен дағдысын, өте жоғары интеллектуальдық ой-өрісін қалыптастыру, қазіргі әдеби процеспен процеспен таныстыру. қазіргі дәуір әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін ескере отырып, шығармаларларды кезең-кезеңге бөліп талдау.	Қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиетінің даму мен қалыптасу кезеңдері. Қазіргі дәуірде өмір сүрген ақын-жазушылардың шығармашылық өмір жолы. Ақындық өнері. Олардың шығармашылық жолындағы алғашқы қаламдары. Қазақ поэзиясының ежелгі дәстүрін ілгері дамыта отырып, ағартушылық, халыққа жаңашырлық, гуманистік бағытта өлеңдер жазуы. Илияс Жансүгіровтың әдебиеттің әртүрлі жаныраңда қалам тартып, барлық талант қырларының жарқырап көрінуі. Әсіресе поэзия саласындағы елеулі жетістігі. Өмірбаяны туралы қысқаша мәлімет. Қазақ әдебиетінен Майлиннің алатын орны. Ақындық өнері. М.Жұмабаевтың шығармашылық жолындағы алғашқы қаламдары. Қазақ поэзиясының ежелгі дәстүрін ілгері дамыта, отырып, ағартушылық, халыққа жаңашырлық гуманистік бағытта «Өнер білім қайтес табылар», «Жазғы тан» , «Қазағым», т.б. өлеңдер жазуы. Тәжібаевтың туған ортасы, білім алған мектептері,	қазіргі дәуір әдебиетіндегі ақындардың, жазушылардың поэзиясын танып білу жолының негізгі білімділігі, түсінік пен дағдысы.	Шығыс елдерінің әдебиеті, Қазақ ағартушылары.	Абайтану
В	Көркем шығармаларды әдеби кезеңдерге бөлу және талдау				Мақсаты мен міндеттері: көркем шығармаларды әдеби кезеңдерге бөлу, талдау жасауда оқудың өзіндік заңдылықтарын кең түрде таныту бағыты.	Көркем шығармаларды кезеңдерге бөліп талдау мен қарастыру долдары. Оны талдаудың өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары. Кезеңдерге бөліп талдау жолдары. Белгілі бір заттың, құбылыстың, оқиғаның, түр-түстің, қимылдың тағы басқа да ұғымның атауын сөз дейді. Қазақ аңыз-әңгімелерінің көбісі тарихи адамдардың, белгілі қоғам, өнер қайраткерлерінің айналасына топталуының ерекшелігі. Осыған байланысты кейіпкерлердің өмір сүрген уақытына қарай екі дәуірге XI-XIII ғасырлар және XIV-XVI ғасырларға бөлінуі.	көркем шығармаларды кезеңдерге бөлу шеберлігінің білімділігі; көркем шығармалар туралы қалыптасқан терең түсінік пен практикалық терең дағды.	Ауыз әдебиеті үлгілері	Әдебиет тарихын зерттеудің өзекті мәселелері
А	Шетел әдебиетінің тарихы				Мақсаты мен міндеттері: шетел халықтарының әдебиеттері әлем халықтарының әдебиеттерін сабақтастыра оқып-үйрену арқылы сөз өнерінің жалпы адамзатқа ортақ көркемдік тереңдіктерін игеру мақсатын көздейді. Шет елдердің әдеби даму заңдылықтарын түсіне отырып, құнды шығармаларды методологиялық, салғастырмалы жолдармен талдай білу.	Шетел әдебиетінің тарихы туралы. Зерттеуді. Әдебиетке дейінгі кезең. Гомерлік эпос. Гесиод. Драмалық сайыстар. Афины театры. Хор және актерлер. Театрлық режисит, декорациялар. Драманың ғылымы. Эсхил «трагедия атағы», афиналық демократиялық ортаның ақыны. «Парсылар» трагедиясындағы тарихи тақырып. «Шан-шу»- декларациялар, мемлекеттік істер туралы тарихи аңыздық мазмұнды мәдени ескерткіш. Ежелгі Қытай әдебиетінің көрнекті өкілдеріҚайта өрлеу мәдениетінің көп құрамдылығы және қайшылықты жақтары. Романтизм. Романтизмнің басты суропалық және АҚШ әдебиетінде XIX ғасырдың басында байда болуы. Романтизм - шығармашылық әдіс. Германиядағы романтизм. Англиядағы романтизм. Дж. Г. Байрон (1788-1824) шығармашылығы.	шетел халықтары әдебиеттері-өркеніеттегі әрқайсысының лайықты орындары белгіленген рухани мұраларды тану білімділігі; - әлем халықтарының әдебиеттерін сабақтастыра оқып-үйрену жолдарын қалыптастыру түсінігі; сөз өнерінің жалпы адамзатқа ортақ көркемдік тереңдіктерін игеру дағдысы.	Қазақ хандық дәуір әдебиеті, XIX-XX ғасырдағы қазақ әдебиеті	Магистратура пәндері.

Б	Абайтану	КП	3	5	<p>Мақсаты мен міндеттері: ұлы ақын шығармаларын, өмірі мен өлеңдері, халқымыздың мәдениетін білетін ұлттық сана-сезімі бар тұлға қалыптастыру. Абай және Өлеузов арасындағы әдеби байланыс, Абай шығармашылығы туралы баяндай отырып, шығармашылығын игеру, өлеңдерін құрлысына, қара сөздеріне талдау жасау. Ұлы ақынның өмірбаяндық тұлға деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі қошбасшылық орнын көрсету, философиялық ақыл-нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашу, шешел ақындарының шығармаларын аударудағы шеберлігі, қарасөздері, өлеңдері мен поэмаларындағы ақындық биік мұрат, адамгершілік идеяларын таныту.</p>	<p>Абайтану ғылымының зерттелуі. Абайдың өмірі мен шығармашылығы. Өскен ортасы. Білім алған мектептері. Алғашқы шығармашылығы. Өлеңдерінің негізгі тақырыптары мен көркемдік ерекшеліктері, маңыздылығы мен ұйқас түрлерінің кездесуі. Абай шығармаларындағы портрет пен пейзаж мәселесі, оның қолданылуы мен өзіндік ерекшеліктері, стилдік айырмашылығы. Абайдың өз өлеңдеріндегі сөз қолдану ерекшеліктері мен мәнерлілігі. Абайдың дәстүрлік поэзия жанрылық шығармаларының ерекшелігі, басты ақындармен салыстыра зерттеу жолдары. Абай және М.Өлеузов шығармашылықтарындағы әдеби байланыс. Абайдың өзіндік шығарма жазу ерекшеліктері, өлеңдеріндегі сөз тізбектері мен тіркесімдер туралы сипаттама. Абай лирикаларының түрлері мен негізгі тақырыптары. Абайдың поэма жанрына алғаш қалам тартуы. Негізгі поэмалары, олардың негізгі тақырыптары мен басты</p>	<p>Абай шығармаларындағы, өлеңіндегі көркем тұлғаның эстетикалық табиғатын талдау білімділігі; шығарманың идеясын, көркемдігін, әр жазушының сөз саптасын, стилін таны түсінігі; Абайтануға қатысты әдебиет түрлері мен шығармалар жанынғын түсіну мен білу дағдысы, сан қырлы ғажайып ақынның, ой данасының мұраларын оқып-үйренген, саналы ой түйе білген, өлеңді мәнерлеті оқи алатын және көркем шығармадан ләззат ала білетін шығармашы тұлғалардың шығуы</p>	<p>Қазақ фольклоры, Қазіргі дәуір қазақ әдебиеті</p>	<p>Магистратура пәндері.</p>
В	Әдебиет тарихын зерттеудің өзекті мәселелері				<p>Мақсаты мен міндеттері: әдебиеттің өткені мен бүгінгісін замана талабына сай саралап менгерту. Соның ішінде бар әдебиетке иелік жасап, шашу шығармай жинап, рет-ретімен жүйеге түсіріп, қай нәрсенің қай жерде, қандай қасиеті бар екендігін қапысыз саралап, дәуір тынысына орай оқырманның рухани қажеттілігін қанағаттандыруға қалтқысыз қызмет етуге тиіс – әдебиеттің тарихы.</p>	<p>Әдебиет – халықтың рухани қазынасының алтын қоймасы. Сол қойманы сақтай білген, сол қазынаны рухани қажетіне қарай орындай жарата білген халықтың ғана ұлт ретінде, халық ретінде болашағы бар. Сондықтан да сол әдебиетті төкпей-шашпай, жүйелен, зерттеп, қай жерде не бар, ол бізге несімен қымбат деген сауалдарға уақтылы жауап беріп отыру барлық уақытта да күн тәртібінен түспейді. Әдебиеттің тарихы – әдебиеттану ғылымының негізгі бөлімі бірге көлемі жағынан ауқымдысы да, сондай-ақ шешімін күтін тұрған проблемалары көбірегі де. Әдебиет тарихын жасау, оны дәуірлеу мәселесі әдебиетті зерттей бастаған кезден күн тәртібінде келеді. Сырт қарағанда, онда тұрған не бар, тарихты кезең-кезеңдерге бөліп, жаза берсе болмай ма дегуге де болатын сияқты. Сөйтіп те келдік. Десек те заман өзгерді, заманмен бірге адам да жанарды; қоғамдық сана өзгеріп, ғылым мен мәдениет дамыды.</p>	<p>Әдебиет – руханияттың күре тамыры. Сондықтан да тегі бір, тілі бір халықтардың ерте кездердегі әдебиетін қайта қарап, бүгінгі әдебиеттану ғылымы жеткен жетістіктерді пайдалана отырып, жаңаша көзқараспен түркі бірлігіне қызмет ететін ортақ әдебиет тарихын жасау – кезек күттірмейтін мәселе.</p>	<p>Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі, Шешендік өнер, Көркем шығармаларды әдеби кезеңдерге бөлу, талдау</p>	<p>Магистратура пәндері.</p>
А	Қазіргі қазақ әдебиеті				<p>Мақсаты мен міндеттері: білім берудің қазіргі талаптарын тірек ете отырып, қазіргі қазақ әдебиеті жетік менгеру. Қазіргі дәуір әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін ескере отырып, шығармаларларды кезең-кезеңге бөліп талдау.</p>	<p>Қазіргі қазақ әдебиетінің даму кезеңдері. Қазақ әдебиетіндегі көрнекті тұлғалар. Олардың шығармашылықтары мен шығармашылықтарының зерттелуі мен жариялануындағы ерекшеліктер. Қ.Қайсеновтың өмірі мен шығармашылығы. Ж.Сайынның өмірі мен шығармашылығы. Алғашқы білім алуы мен қалам тартқан жаңрлары. Б.Бұлқышевтың өмірі мен шығармашылығы. М.Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығы. Т.Молдағалиевтың өмірі мен шығармашылығы. Қ.Мырзаліевтың шығармашылық жолы. Өскен ортасы. Білім алған мектептері. Алғашқы қалам шығармалары. М.Шахановтың шығармашылық жолы. Өскен ортасы. Білім алған мектептері. Алғашқы қалам шығармалары. Ш.Мұртазаның шығармашылық жолы. О.Сүлейменовтың шығармашылық жолы. Өскен ортасы. Д.Исабековтың шығармашылық жолы. Прозалық шығармаларын жаза</p>	<p>әдебиеттің өсу жолы, қалыптасу, даму процесін менгеру білімділігі; халықтың рухани қазынасының түсінігі; айтулы ақын-жазушыларының шығармаларын жетік талдау дағдысы.</p>	<p>Қазақ халық ауыз әдебиеті</p>	<p>Магистратура пәндері.</p>
Б	Революция кезеңіндегі әдебиет	БП	4	7	<p>Мақсаты мен міндеттері: революция кезеңіндегі әдебиеттің алдыңғы қатарындағы ақын-жазушылардың шығармашылығын терең зерттеу, ұлы отан соғысы жылдары пайда болған шығармалар идеяларындағы халықшылықты мен сол кезеңдегі өмір шындықтарын жеткізу, оқып, шығармашылықтарымен танысу.</p>	<p>XX-ғасырдағы қазақ әдебиетінің негізгі салаларымен таныстыру. XX ғасыр басындағы әдебиеттің тарихи-қоғамдық әлеуметтік жағдайларымен байланысын қарастыру арқылы әдебиеттің ой-сананы өту. 1916 жылғы Ұлт азаттық қозғалысы кезінде жазылған шығармалар. Шығармаларының көркемдік ерекшелігі. XX-ғасыр қазақ әдебиетінің ақын-жазушыларының қазақ әдебиетіне қосқан үлесі, шығармаларының көркемдік ерекшелігін менгерту. Қазақ романдарының дамуындағы елеулі белес болып саналатыны. Романның әдебиет тарихынан алатын орны. «Орындалмаған арман»-мемуарлық шығарма. Романның композициялық құрылымының өмірбаяндық мақсатқа бағындырылғаны. Романдағы дәуір шындығының бейнеленуі.</p>	<p>әрбір кезеңдегі әдебиеттің өсу жолы, қалыптасу, даму процесін қамтумен қатар, халықтың рухани қазынасының баюуына айрықша еңбек сіңірген қазақтың айтулы ақын-жазушыларының шығармаларын жетік менгеру біліктілігі мен дағдысы.</p>	<p>Шығыс елдерінің әдебиет</p>	<p>Магистратура пәндері.</p>
В	Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі әдебиет				<p>Мақсаты мен міндеттері: Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі әдебиеттің алдыңғы қатарындағы ақын-жазушылардың шығармашылығын терең зерттеу. Ұлы отан соғысы жылдары пайда болған шығармалар идеяларындағы халықшылықты мен сол кезеңдегі өмір шындықтарын жеткізу, оқып, шығармашылықтарымен танысу.</p>	<p>Ұлы Отан соғысы кезінде жазылған шығармалар топтамасы мен сол кезеңдегі ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы. 20-ғасырдың бас кезіндегі қазақ елінің тәуелсіздігі мен азаттығы үшін күресі, көркем әдебиетке тигізген ықпалы. Осыған орай қазақ әдебиетінде ағартушылық, азаттық, демократтық, ұлттық қасиет бағыттардың өріс алуы. «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арасы», «Ер ана», «Ақтима» атты әңгімелерін жазды. «Ашынған ана» (1934) әңгімесі 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына арналған. С.Мұқанов қазақ Совет әдебиетінде роман жанрын көп үлес қосты. Негізгі идеясы-халық тұрмыс-тіршілігін суреттей отырып, революция кезеңіндегі талап-тартым, шешелістер, халықтың күрескерлігін баяндау.</p>	<p>Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әдебиетті менгерудің кәсіби білімділігі; терең теориялық білім түсінігі; көркем шығармаларды талдау бойынша практикалық дағды.</p>	<p>Ауыз әдебиеті үлгілері</p>	<p>Магистратура пәндері.</p>

А	Қазақ әдеби сынының тарихы			Мақсаты мен міндеттері: қазақ әдебиеті сын тарихының кезеңін құрайтын мұралары қазіргі заманғы әлемдік өркениет талаптарына орай оқыту, негізгі теориялық проблемалармен танысу. Негізінсіз қазақ әдебиетінің тарихына қатысты ғылыми әдебиеттерге сүйенсе отырып, білімді тексеру мақсатында менгерген білу үшін түрлі тілдік құбылыстарды пайдалана отырып пікірталас ұйымдастыру.	Дәйектеме-сын деген не? Дәйектеме сына қатысты туындаған сыни ой-пікірлер. Дәйектеме-сының қалыптасуы. Оның өзіндік ерекшеліктері. Дәйектеме сының қалыптасуына үлес қосқан сыншылар. Дәйектеме-сының зерттеуі. Қазақтың сыни ой-пікірінің оянуы және әдебиет сынының тууы. Әдеби сының алғашқы өкілдері мен олардың алғашқы еңбектері. Сынаға қандай бастаушылар және олардың шығармашылығы туралы. Сын жанрлары туралы жалпы түсінік. Сын жанрларының қалыптасуы, дамуы. Сын жанрларының түрлері туралы түсінік. 20-жылдардағы көркем әдебиет жайындағы пікірталастардың туындау себептері. 20-жылдардағы әдеби айтыстар қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны. Әдеби айтыстар туралы сындар мен сыншылар туралы мәлімет. Жиырмамыншы жылдары қазақ әдебиеті сынының өркендеуі қанат жаюына үлес қосқан қоғам қайраткерлері. Халықтық эстетикасы деген ұғымға түсініктеме.	жаңа сыни ой-пікірлерді ояту және әдеби сының дамуына үлес қосу білімділігі, қазақ әдебиеті сынының жанрлық ерекшеліктерін білу түсінігі мен дағдысы.	Әдебиеттануға кіріспе	Магистратура пәндері.
Б	Қазақ әдебиетінің алыттары	КП	3	4	Қазақ кітаптары, олардың авторлары және шығарушылары туралы мәлімет. Қазақ қаламгерлерінің төл туындыларының басылуды. 20-жылдардағы көркем әдебиет жайындағы пікірталастарға, сондай-ақ көрнекті қоғам қайраткері, әдебиеттанушы, сыншы Ыдырыс Мұстамабайұлының көркем әдебиет туралы, Мағжан Шығармашылығын қорғауға қатысты және басқа салаларға байланысты жазылған сын мақалаларына ғылыми талдау. Қазақ алыттарының басты көркем шығармалары, олардың композициялық ерекшеліктері мен сюжеттік желісі.	Қазақ алыттарының шығармашылығын жаңа білу білімділігі; Қазақ әдебиеті алыттарының шығармаларын оқыту арқылы жалпы ұлттық мәдениеттің дамуына үлес қосу дағдысы.	Қазақ ағартушылары.	Магистратура пәндері.
В	Мектепке дейінгі балалар әдебиеті				Құрстың объектісі мен пәні. Балалар әдебиетінің бастау көзі. Балалар ауыз әдебиеті. Он тоғызмыншы ғасырдың бірінші және екінші жартысындағы балалар әдебиеті. Жиырмамыншы ғасырдың бас кезіндегі балалар әдебиеті. Балалар әдебиетіндегі соғым тақырыбы. М.Әуезовтің балалар әдебиетіне салған жаңа бағыты. Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы қазақ анасының ұлттық бейнесі. Балалар әдебиетіндегі әлем халықтарының өзіндік шығармалары.	оқып зерделеген туындылардың тектік, жанрлық сипаты, оқылған, танылған шығармалардың атын, жетекші тақырыбын, идеясын, басты кейіпкерлерін, негізгі мазмұнын білуді тиіс; бастаушы мектеп оқушылары үшін көркем шығармаларды іріктей білуді; тақырыбы бір бірине үндес шығармалардың кейіпкерлерін, оқиғаларын салыстыра білуді айымдау алу; кітаптан және кітапханалық анықтама, библиографиялық әдебиеттермен жұмыс істей алу дағдысы	Қазақ терминдері мен терминологиясы мәселелері	Магистратура пәндері.
А	Жалпы тіл білімі				Жалпы тіл білімінің әлемдік ғылымда теориялық саласы ретінде танылуы– 19-ғасырдың басында, салыстырмалы-тарихи әдістің тіл білімінің зерттеу әдісіне айналуы нәтижесінде қалыптасқаны. Тіл білім тарихында елеулі бір кезең, жаңа бағыт туғызғандардың бірі-жас грамматикалық (младограматизмдер) бағыт. Орта ғасыр ерекшеліктеріне қысқаша шолу. Схоластикалық бағыттың ықпалдары. Реалистік, номиналистік бағыттар. Орта ғасыр лингвистикасына тән негізгі сипаттар. Орта ғасырдағы Рим тіл білімі. Рим тіл білімінің грек тіл білімімен бірлігі мен оған қосқан үлесі. Латын тілінің канондық тілге айналуы, оның грамматикасының бүкіл Еуропа халықтары тілдерінің грамматикасына үлгі болуы. Орта ғасырдың соңғы кезіндегі грамматикалық туындылар.Орта ғасырлық араб тіл білімі. Арабтардың ежелгі заман тіл білімін пайдаланып, тіл білімін дамытуы.	тілдік жүйелік, структуралық сипаты, таңбалық қасиеті жөніндегі білімділік; жаңа пікірлер мен түсініктерді қалыптастыру дағдысы.	Тіл біліміне кіріспе, Практикалық қазақ тілі	Магистратура пәндері.
Б	Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы	БП	3	5	Қазақ-орыс тілдерін салыстырмалы грамматикасы-жалпы шығыстану ғылымының бір саласы. Қазақ-орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Қазақ-орыс тілдерінің дамуы мен қалыптасуы. Қазақ-орыс тілдері туралы салыстырмалы-тарихи зерттеулер. Қазақ-орыс тілдерін салыстыра зерттеудегі орта ғасыр филолог ғалымы Қашқари сөздігінің мәні. Тілдік туыстық ерекшеліктерін анықтау - салыстыра оқу, зерттеу қатаң заңдылыққа бағынады. Сонымен қатар жалпы түркі тілдерінің ортақ заңдылықтарымен бірге, оларды басқа тілдік жүйелері тілдерден ерекшелігін белгілерін жан-жақты қарап, талдау.	Студенттерді қазақ-орыс тілдерінің дамуы мен қалыптасуын, қазақ-орыс тілдері туралы салыстырмалы - тарихи зерттеулерін, қазақ-орыс тілдерін салыстыра зерттеудегі орта ғасыр филолог ғалымының мәнін ашып, қазақ-орыс тілдерінің классификациясын жасағанда олардың грамматикалық құрылысы, фонетикалық жүйесі және сөздік құрамы жайында менгеріп шығу.	Тіл білімі, Нормативті қазақ тілі	Магистратура пәндері.
В	Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы				Түркі тілдерін салыстырмалы грамматикасы-жалпы шығыстану ғылымының бір саласы. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы.Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасуы. Түркі тілдері туралы салыстырмалы-тарихи зерттеулер. Түркі тілдерін салыстыра зерттеудегі орта ғасыр филолог ғалымы Қашқари сөздігінің мәні. Түркі тілдерінің классификациясын жасағанда олардың грамматикалық құрылысы, фонетикалық жүйесі және сөздік құрамы. Ғылыми көзқарастар мен тұжырымдамалардың негізінде түркі тілдерін зерттеу - сол халықтардың тарихымен тығыз байланыста жүргізуі.	түркі тілдерін терең зерттеудің ғылыми білімділігі, пән бойынша терең практикалық түсінік салыстырмалы грамматика бойынша теориялық біліктілік дағдысы.	Тіл білімінің практикалық құрамы, Орфография, орфоэпия теориясы	Магистратура пәндері.
А	Қазіргі қазақ тілінің практикалық грамматикасы				Қазақ тілін оқыту процесінде тілдің қоғамдық - әлеуметтік мәнін түсіну, олардың коммуникативтік біліктілігін арттыру, іскерліктерін жетілдіру. Практикалық грамматика ерекшеліктерін дұрыс пайдалану арқылы грамматикалық сауаттылыққа жетілдіру.	қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарын, тілдік сипатын анықтау, тіл ерекшеліктерін, грамматикалық қазақ тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру білімділігі; сграмматикалық талдауды үйрену түсінігі; қазіргі қазақ тілінің практикалық грамматикасының ерекшеліктерін жетік білу дағдысы.	Практикалық қазақ тілі	Магистратура пәндері.

Б	Қазақ тілінің тарихы	БП	3	5	Мақсаты мен міндеттері: тіл тарихының қай мәселесі де, оның ішінде фонетикалық жүйе мен грамматикалық құрылым тарихы бүтінгі тіліміздің өз құрылымындағы тіл дамуының жаңа фазасының көрінісі мен ескі дәуір іздерін айқын ажыратып тану. Әдеби тілі қолдана отырып ауызекі тіл, жаба тіл, кітаби тілдермен салыстырып зерттеу жүргізу.	Қазіргі әдеби тілге тән қасиет - оның белгілі дәрежеде қалыптасқан нормаларының болатындығы, жеке стильдік тармақтарға араланыу және қоғамдық қызметінің кең болуы. Қоғамның дамуына байланысты әдеби тіл үздіксіз даму, өзгеру, жетілу үстінде болады. Осыған орай әдеби тілдің тарихи кезеңдерде қалыптасу дәрежесі, сипаты өзгеріп, саны мен сапасы жағынан, құрылым тұрғысынан өзгеріске түсіп отырады. Қазіргі әдеби тілге жазу стилі мен жанрының ерекшелігі. Қазақ әдеби тілінің бастамасымен дәуірлерге бөлінуі туралы зерттеушілердің көзқарастарына талдау жасау. Жыраулардың өлең-толғау, жырларының лексикалық, грамматикалық сипаты. Олардың сөз қолданыс, көркемдігін-бейнелеу тәсілдерін ауыз әдебиеті үлгілерімен байланыстырып, ұқсастықтарын көрсету. Әдебиеттің тақырыптық аясының кеңеюі. Көркем әдебиет жанрының қарқынды дамуы.	қазақ тілінің тарихы табиғатынан хабарлар етіп, сөздердің грамматикалық кластарға жіктелу тарихын, жеке грамматикалық категориялардың қалыптасу эволюциясын, дыбыстар жүйесінде болған тарихи өзгерістері, олардың тілдік лексикалық қорын игеру түсінігі; грамматикалық құрылымның менгеру дағдысы мен біліктілігі. Әдеби тіл, жазба тіл бойынша жүйелі білім берудің түсінігі; әдеби тілді ажырата білудің негізгі дағдысы.	Нормативті қазақ тілі	Магистратура пәндері.
В	Грамматика				Мақсаты мен міндеттері: сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде тілдің дыбыстық жүйесінен, дауысты, дауыссыз дыбыстардан, қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен ерекшеліктерінен, үндестік заңынан, орфоэпия мен орфографиядан, сонмен қатар қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру.	Тілдің қоғамдық мәні мен қызметі. Тіл және ойлау. Тіл және сөйлеу. Тілдің құрылымы, оның жүйесі. Грамматикалық ұғымдар. Грамматикалық форма және грамматикалық категория туралы ұғым. Олардың зат есімше түрленетіні. Көмекші есімдердің қызметі. Етістіктің лексика-семантикалық жағынан қимыл қозғалыс, бағыт-бағдар, амал, іс-әрекет, көңіл-күй, қалып т.б. етістіктері болып бөлінуі. Есім - етістік синкретизмі туралы ғалымдардың пікірлері. Оқушылардың сөз мәдениетін жетілдіру, интеллектуалдық қабілеттерін арттыру.	грамматикалық жаттығулар жасаудан практикалық білімділік; грамматикалық тұлғалар, категориялар бойынша теориялық түсінік; грамматикалық ғылыми деңгей жоғарғы дағдысы.	Орфография, орфоэпия теориясы	Магистратура пәндері.
А	Қазақ тілінің стилистикасы				Мақсаты мен міндеттері: стилистика ғылымының теориялық негіздерімен танысу, қазақ әдеби тілінің стилистикалық құралдары, стильдік тармақтары туралы мағлұмат алу. Стильдерді ажыратудың жолдарын көрсету, стилистикалық норманы менгеру, тілдік тұлғалардың стильдік қырларын ажырата білуге үйрену. Студенттердің сөйлеудің әртүрлі стильдерін, қазақ тілінің синонимдік барлық байлығын, әр алуан құралдарын іс жүзінде қолдана алу дағдыларын дамытып жетілдіру.	Студенттер бұл пәнді оқып үйрену барысында стилистиканың негізгі ұғымдары мен категорияларын, қазақ тілінің бай стилистикалық құралдарын және әдеби тілдің функционалды стильдік тармақтарын жан - жақты терең игеруі қажет. Тілдің стилистикалық байлығы, стилистикалық нормалары, олардың тарихи өзгермелілігі және тілді қолдану жағдайына байланысты түрліше нұсқаларға ие болатындығы, тілдік құралдарды қолдану контекстің стильдік тұрпатына байланысты болатыны туралы қажетті мағлұматтар алуы тиіс. Сөз арқылы олар мәтіндегі сөйлеген сөздеріндегі стилистикалық қателерді тауып, олармен жұмыс жасау жолдарын меңгереді.	теориялық білімді жүйелі әрі сапалы менгеруде негіз болу біліктілігі; шығарманың идеясын, көркемдігін, әр жазушының сөз саптасын, стилін тану түсінігі; көркем туындының эстетикалық табиғатын тану дағдысы.	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	Магистратура пәндері.
Б	Мәтінді стильдік талдау	КП	3	5	Мақсаты мен міндеттері: көркем шығармада кездесетін стильдерге әдеби тұрғыдан талдау жасауды үйрету. Стиль, көркем стилистика, жазушы стилін айқындар фактор, стильді тану, жазушының эстетикалық көзқарасы мен стиль арасындағы байланысты оқыту. Көркем туындының эстетикалық табиғатын танып білмейінше, шығарманың идеясын, көркемдігін, әр жазушының сөз саптасын, стилін тану мүмкін емес, мұнысыз оқушыларды әдебиетке сүйсіндіре, тұшындыра алу	Көркем шығарма стилі - жазушы стилінің, жалпы стилистиканың көптеген шешімімен проблемалар бар. Стиль, жазушы стилі, стилистика жайлы әдебиеттану ғылымында соңғы кездерде талай ғылыми-зерттеу еңбектері шықты. Стильден ақын-жазушының рухани дүниесі байлығын, суреткерлік даралық сипатын, дарын-талантын көрсетіп, оның әдебиетке қосқан үлесін білеміз. Стильден жазушының объективті дүниені көру, ойлау тұрғысы аңғарылады.	көркем мәтін бойынша ақын-жазушылар шығармаларын жан-жақты талдай білу біліктілігі; көркем мәтіннің тақырыбын аша отырып, ол шығарма идеясына қызмет ететін тілдік фактілерге талдау түсінігі мен дағдысы.	Қазіргі қазақ тілінің фразеологиясы	Магистратура пәндері.
В	Көркем шығарманы стильдік талдау				Мақсаты мен міндеттері: көркем шығармада кездесетін стильдерге әдеби тұрғыдан талдау жасауды үйрету. Стиль, көркем стилистика, жазушы стилін айқындар фактор, стильді тану, жазушының эстетикалық көзқарасы мен стиль арасындағы байланысты оқыту. Көркем туындының эстетикалық табиғатын танып білмейінше, шығарманың идеясын, көркемдігін, әр жазушының сөз саптасын, стилін тану мүмкін емес, мұнысыз оқушыларды әдебиетке сүйсіндіре, тұшындыра алу.	Көркем шығарма стилі - жазушы стилінің, жалпы стилистиканың көптеген шешімімен проблемалар бар. Стиль, жазушы стилі, стилистика жайлы әдебиеттану ғылымында соңғы кездерде талай ғылыми-зерттеу еңбектері шықты. Стильден ақын-жазушының рухани дүниесі байлығын, суреткерлік даралық сипатын, дарын-талантын көрсетіп, оның әдебиетке қосқан үлесін білеміз. Стильден жазушының объективті дүниені көру, ойлау тұрғысы аңғарылады.	сауатты жазу кезіндегі көркем шығарманы стильдік талдау бойынша қалыптасқан ғылыми білімділік, стильдік талдау бойынша жоғары практикалық түсінік пен теориялық білімнің дағдысы.	Қазақ тілінің емле ережелерінің ерекшеліктері.	Магистратура пәндері.
А	Қазақ диалектологиясы				Мақсаты мен міндеттері: қазақ тіліндегі барлық говорлар мен диалектілердің таралу шегін, тілдік сипатын анықтау, тіл ерекшеліктерін диалектілік говорлық көлемін, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін анықтау. Диалектология пәніндегі мәселелерді жан-жақты зерттеу, шешу дәрежесін меңгеру.	Диалект сөздердің дамуы мен қалыптасуы. Диалект сөздердің әдеби тілдік сөздермен арақатынасы туралы жалпы сипаттама мен ерекшеліктер, диалектілік ерекшеліктердің говорлармен байланыстылығы. Қазақ тілі біртұтас тіл бола тұрса да, оның ауызекі сөйлеу тілінде лексикалық, дыбыстық, грамматикалық ерекшеліктердің бар екендігі. Қазақ тілінде Қазақ революциясынан бұрын да ондай өзгешеліктер, айырмашылықтар болғанын дәлелдейтін фактілер. Дүниежүзілік халық мәдениетінің құндылығын менгеру арқылы мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. Қазақ тіліндегі диалектілердің зерттелуіне шолу жасау. Революциядан бұрынғы түркологтардың қазақ тіліндегі диалектілер туралы пікірлері. Революцияға дейін түркологтар жинап бастырған ауыз әдебиеті нұсқаларында жергілікті тіл ерекшеліктерін қоса қамтылуы. С. Аманжолов еңбектеріндегі үш диалектіге бөлінуі. Жергілікті ерекшеліктерді зерттеу принциптері.	қазақ тіліндегі барлық говорлар мен диалектілердің таралу шегін, тілдік сипатын анықтау білімділігі; тіл ерекшеліктерін диалектілік говорлық көлемін, фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін жетік білу түсінігі мен дағдысы.	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамдық практикасы	Магистратура пәндері.
Б	Қазақ тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру	КП	3	5	Мақсаты мен міндеттері: қазақ тіліндегі барлық говорлар мен диалектілердің таралу шегін, тілдік сипатын анықтау, тіл ерекшеліктерін диалектілік говорлық көлемін, фонетикалық, грамматикалық, қазақ тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру отырып таныстыру. Қазақ тілінде сауатты жазу мен тыныс белгілерін қою заңдылықтарының негізінде теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру және қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен тыныс белгілерінің заңдылықтары туралы теориялық білімді жүйелі әрі сапалы менгеруде негіз болу.	Қазақ тіліндегі барлық говорлар мен диалектілердің таралу шегін, тілдік сипатын анықтау, тіл ерекшеліктерін диалектілік говорлық көлемін, фонетикалық, грамматикалық, қазақ тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру ерекшеліктері. Ахмет Байтұрсынұовтың таным негіздеріне қатысты ой-тұжырымдары мен көзқарастары. Ғалымдардың дүниетаным мен ойлау, сөйлеу процесінің арақатынасы туралы пікірлері, оның мәні мен маңызы. Таным теориясының алғашқы тарауы, оны менгерудің жолдары. Мағжан Жұмабаевтың тіл, ой, сана арқылы адамзаттың даму процесін сипаттауы. Тіл мен сананың бірігіп-дүниетанудың бірігіп екендігі. Дүниетанымның адам тәрбиесіне әсері. Сәрсен Аманжолов және таным процесі оқушылардың тіл мәдениетін дамыту, олардың өзара тіл байлығын кеңейту үшін бағдарлау;	тілдік ерекшеліктерге сай жаттығу шеңберінің білімділігі; тіл ерекшеліктерін терең меңгеру түсінігі мен дағдысы;	Сөз таптарын оқыту, Қазақ ономастикасы	Магистратура пәндері.

В	Қазақ топонимдеріне байланысты мәселелер				Мақсаты мен міндеттері: қазақ тіліндегі топонимдері таралу шегін, тілдік синатын анықтау, тіл ерекшеліктерін диалектілік көлемін, фонетикалық, грамматикалық, қазақ тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру отырып таныстыру.	Қазақ тіліндегі барлық топонимнің таралу шегін, тілдік синатын анықтау, тіл ерекшеліктерін, диалектілік көлемін, фонетикалық, грамматикалық, қазақ тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру ерекшеліктері. Сөйлеу техникасын жете меңгерген ұстаз өз шәкіртінің дұрыс сөйлеуіне ерекше назар аударады, тіл дыбыстарын анық та ашық айтуға үйретеді.Үлгісін өзі көрсетеді.Сөйлеу техникасына мыналар жатады. Топонимдік ерекшеліктердің қалыптау заңдылықтары.	топонимдерге байланысты алап қою шеберлігінің білімділігі, қалыптасқан ғылыми-кәсіби дағды.	Грамматиканы оқыту әдістемесі, Қазақ топонимикасы	Магистратура пәндері.
А	Тіл біліміне кіріспе				Мақсаты мен міндеттері: пәнің теориялық және практикалық екі бағытта жүргізілуін меңгеру. Курстың теориялық бөлімінде тіл білімінің ғылым ретінде танылуы, тіл білімінің ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, тіл білімінің зерттеу әдістері айлы мәлімет алу, тілдің мәні мен қызметі жайлы, тілдің шығуы мен даму жайында, тілдің лексика, граматика, фонетика салалары жайлы түсінік алу.	Тіл білімінің қазақ тілі емле ережелерінің ерекшеліктері, басқа ғылымдармен байланысы. Тілдің қоғамдық мәні мен қызметі. Тіл және ойлау. Тіл және сөйлеу. Тілдің құрылымы, оның жүйесі. Тілдің ерекшелігі. Жазу түрлері.	қазақ тілінің жетекшілік рөл атқаратынын көрсетіп, тілден берілетін теориялық білімді жетік білудің білімділігі;сабақ барысында, өз бетімен жұмыстарда, шығармашылық тапсырмаларда әр түрлі сөздіктерді кенінен пайдалана білуге үйренудің біліктілігі, түсінігі; тілдің фонетикасынан, лексикологиядан, сөзжасаумен, морфологиядан, және синтаксистен жүйелі білім алу дағдысы;	Мектеп бағдарламасындағы қазақ тілі.	Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамадық практикасы, Жалпы тіл білімі, Тілдік қатынастар негіздері
Б	Жалпы тіл білімі	БП	3	4	Мақсаты мен міндеттері: сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде тілдің дыбыстық жүйесінен, дауысты, дауыссыз дыбыстардан, қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен ерекшеліктерінен, үндестік заңынан, орфоэпия мен орфографиядан, сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім алу. Жалпы тіл ғылымы тілдің құрамын, функциялық сипаттарын, даму заңдылықтарын, сыртқы дүниені, қоғаммен, ой-санамен, мәдениетпен қарым-қатынасын түгел алып, жан-жақты зерттеп, талдау жолдары.	Жалпы тіл білімінің әлемдік ғылымда теориялық саласы ретінде танылуы– 19-ғасырдың басында, салыстырмалы-тарихи әдістің тіл білімінің зерттеу әдісіне айналу нәтижесінде қалыптасқаны. Тіл білім тарихында елеулі бір кезең, жаңа бағыт туығандардың бірі-жас грамматикалық (младограмматизмдер) бағыт. Орта ғасыр ерекшеліктеріне қысқаша шолу. Схоластикалық бағыттың иқпалдары. Реалистік, номиналистік бағыттар. Орта ғасыр лингвистикасына тән негізгі сипаттар. Орта ғасырдағы Рим тіл білімі. Рим тіл білімінің грек тіл білімімен бірлігі мен оған қосқан үлесі. Латын тілінің канондық тілге айналуы, оның грамматикасының бүкіл Еуропа халықтары тілдерінің грамматикасына үлгі болуы. Орта ғасырдың соңғы кездеріндегі грамматикалық туындылар.Орта ғасырлық араб тіл білімі. Арабтардың сежелгі заман тіл білімін пайдаланып, тіл білімін дамытуы.	тілдік жүйелік, структуралық синаты, таңбалық қасиеті жөніндегі білімділік; жаңа пікірлер мен түсініктерді қалыптастыру дағдысы.	Мектеп бағдарламасындағы қазақ тілі.	Қазақ ономастикасы, Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, Қазақ әдеби тілінің функционалды түрі
В	Тіл білімінің практикалық курсы				Мақсаты мен міндеттері: тіл білімінің ғылым ретінде танылуы, тіл білімінің ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, тіл білімінің зерттеу әдістері айлы мәлімет алу, тілдің мәні мен қызметі жайлы, тілдің шығуы мен даму жайында, тілдің лексика, граматика, фонетика салалары жайлы түсінік алу. Теориялық білімді негізге ала отырып қазақ тілі бойынша емле ережелерінің ерекшеліктерін талдау.	Тыныс белгілерінің мәні мен атқаратын қызметі. Ана тілі методикасының ең ежелгі түріне сауат ашу әдісі жатады. Хат тану, жаза білу халықтардың жалпы білім алу жолындағы ғасырлар бойы ізденісінің қайтар бұлағы іспетті өте маңызды. Хат тандаудың өмірдегі сан алуан қажеттілігіне қарай қоғам дамуының әр кезеңінде оқытудың әдіс-тәсілдерін іздетіріп, оны бірте-бірте жетілдіру. Талдау-жинақтау әдісі бір құрамды сөзден не бұрыннан дыбыстарды ажырату жолымен танытып, оны ұғындыра негізделеді.	Емле ерекшеліктері негізіндегі теориялық терең білімділік; қазақ емелерін талдау бойынша жүйелі түсінік пен кәсіби дағды;	Мектеп бағдарламасындағы қазақ тілі.	Қазақ топонимикасы, Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, Қазақ тілінің морфологиялық жүйесі
А	Қазақ тілінің лингвистикасы	КП	3	5	Мақсаты мен міндеттері:мәтінді әдеби тілге және оның нормаларына қатысты тұрғысынан алып талдау;мәтінді мағыналық жағынан талдау, сол арқылы түсініксіз сөздердің, идеялық-тақырыптық үлкен жүк көтеріп тұрған сөздердің мәнін ашу;мәтінді көркем бейне жасауға қатысы жағынан алып талдау;мәтінді жазушының дара стилін айқындау тұрғысынан талдау;талдау негізінде студенттердің тіл мәдениетін арттыру,қарапайым сөздер мен сөз тіркестерінің поэтикалық сиқырлығын бағалауға үйрету.	Қазақ лингвистикалық талдаудың мектепте әдебиет және тіл сабақтары жүргізде тигізетін зор практикалық көмегі бар. Әдеби шығарма тіл арқылы жасалатындықтан, өнердің бір түрі ретіндегі өзіндік көркем болымынан танып түсіну, есте, тілін талдамай мүмкін емес. Екінші жағынан, көркем шығарманың тілі – жалпыхалықтық тілдің, әдеби тілдің ең мәнді де сапалы қасиеттерін өз бойына жинақтаған тіл. Бейнелі де дәл, икемді де орамды қуатты тіл керек болса, ол – көркем әдебиетте. Сондықтан, шынайы тіл құбылыстарын дәл танып білетін сауатты да мәдениетті оқрман тәрбиелеу үшін де көркем мәтінді лингвистикалық талдаудың мәні жоғары. Демек, көркем мәтінді лингвистикалық талдау туыстас екі үлкен ғылым саласымен - әдебиеттану және тіл ғылымының объектілерімен тығыз байланысты.	оқын әрделенген туындының тектік жанрлық сипаты;балалар әдебиеті көрнекті өкілдерінің шығармашылығын, олардың балаларға арналған еңбектерін;егі, жанры әр түрлі туындыларды, оларда бейнеленген оқиғалар мен кейіпкерлерге өзіндік қарым-қатынасын білдіре отырып, мәнлереп оқуды;бастауыш мектеп оқытушылары үшін көркем шығармаларды іріктеп білуді;ақырыбы бір – бірі мен үндес шығармалардың кейіпкерлерін, оқиғаларын салыстыра пайымдай алууды;кітапханалық, анықтама, библиографиялық әдебиеттермен жұмыс істей білуді үйренуі тиіс.	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	Магистратура пәндері.
Б	Көркем мәтінді лингвистикалық талдау				Мақсаты мен міндеттері: ес пен ойлау дағдысын, жоғары интеллектуальдық ой-өрісін қалыптастыру, қарым-қатынастық (коммуникативтік), танымдық, адамгершілік, эстетикалық т.б. дағдыларды тікелей тілді оқып-үйрену процесінде таныстыру. Ақын-жазушылар шығармаларын жан-жақты талдай білу. Талдауға ұсынылған мәтіннің тақырыбын аша отырып, ол шығарма идеясына қызмет ететін тілдік фактілерге лингвистика тұрғысынан талдау жасау.	Тілдің көркем әдебиетте эстетикалық қызмет атқаруы.Көркем шығармаларда кездесетін пассив лексика. Сөздің көпмағыналылығы мен омоним. Антонимдердің көркем мәтінде кездесуі. Неологизмдерді қолданудың тілдік мәні.Мәтіндердің осы ерекшеліктеріне орай М.П.Брандес, Н.С.Валгина композициялық-сөйлеу формаларын қарым-қатынаса жасаудың модельдері. Мәтінде ақпараттың берілу сипатына қарай сөйлеушінің ойлау орнегі де көрінісі.	көркем мәтін бойынша ақын-жазушылар шығармаларын жан-жақты талдай білу біліктілігі; көркем мәтіннің тақырыбын аша отырып, ол шығарма идеясына қызмет ететін тілдік фактілерге талдау түсінігі мен дағдысы.	Сөз таптарын оқыту	Магистратура пәндері.
В	Когнитивтік лингвистика				Мақсаты мен міндеттері: когнитивтік лингвистика пәнінің мақсаты -тіл білімдегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгеру, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы студенттердің ой-өрісін кеңейту.Тіл білім мен когнитивтік лингвистиканың бір-бірімен байланысын көрсете білу;тіл біліміне қатысты таным теориясының негізгі қағидаларын игеріп, оны қоғамтану мен өміртануда дұрыс қолана білу, танымдық лингвистиканы оқыту барысында студенттердің ойлау қабілетін, қоршаған ортаны зерттеу-тану қасиетін, өзіндік ой-пікірін дәлелдеп жеткізуге білу дағдысын жетілдіру; олардың дүниетанымын кеңейтуой, сана, тіл тұтастығы арқылы тілдік қатынасты жете меңгеру, таным процесін жан-жақты іске асыру.	Когнитивтік лингвистика – жеке ғылым саласы. Когнитивтік лингвистиканың зерттелу тарихы. Когнитивтік лингвистиканың қазақ тілі біліміндегі көрінісі. Когнитивтік лингвистиканың басқа ғылымдармен байланысы. Әлеуметтік лингвистика пәні туралы түсінік. Әлеуметтік лингвистика пәнінің қалыптасу тарихы. Тіл мен ұлт әлеуметтік контексте. Тіл мен ұлттық сана. Паралингвистика туралы түсінік. Паралингвистика және лингвомәдениеттану. Психоллингвистика ғылымы туралы түсінік.	Когнитивтік лингвистика оқу жүйесіндегі Жалпы тіл білімі , Қазіргі қазақ тілі пәндерінде берілген білім мазмұнын тереңдетеді, студенттердің ғылыми-теориялық көзқарасын жетілдіреді. Бұл сала қоғамдық-әлеуметтік өмір мен ғылыми-білімді ұштастыра келіп, болашақ маманның дүниетанымын жетілдіріп, өзіне ой-пікір түйіндеуге үйретеді.	Грамматиканы оқыту әдістемесі	Магистратура пәндері.